

Алматы облысының бюджетіне үлескерлердің қатысуымен салынып жатқан тұрғын үй кешенін салуға кредит беру шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1271 Қаулысы

«2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына, «2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 2162 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы облысының бюджетіне үлескерлердің қатысуымен салынып жатқан тұрғын үй кешенін салуға кредит беру шарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Алматы облысының әкімдігімен кредиттік шарт жасасуды;

2) кредиттің нысаналы пайдаланылуын және республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы облысының әкімдігі тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Құрылыс тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне кредитті игеру туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 9

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 2 7 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Алматы облысының бюджетіне үлескерлердің қатысуымен салынып жатқан тұрғын үй кешенін салуға кредит беру шарттары

1. Алматы облысының әкімдігі (бұдан әрі - қарыз алушы) Алматы облысының мәслихаты 2010 жылға арналған облыстық бюджетте тиісті түсімдерді көздейтін

шешім қабылдағаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне (бұдан әрі - кредит беруші) Алматы облысы мәслихатының көрсетілген ш е ш і м і н ұ с ы н с ы н .

2. Кредит беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарттың 1-тармағы орындалғаннан кейін «2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 2162 қаулысының 38-қосымшасына сәйкес кредиттік шарт жасасу арқылы қарыз алушыға жалпы сомасы 5700000000 (бес миллиард жеті жүз миллион) теңгеге бюджеттік кредит (бұдан әрі - к р е д и т) б е р с і н .

3. Қарыз алушыға кредит берудің мынадай негізгі шарттары белгіленсін:

1) «Премьера» тұрғын үй кешенінің құрылысын аяқтауға қарыз алушыға кредит сыйақының (мүдденің) нөлдік ставкасы бойынша 10 (он) жыл мерзімге теңгемен б е р і л е д і ;

2) кредитті игеру кезеңі кредит берушінің шотынан кредит аударылған сәттен бастап есептеледі және 2013 жылғы 25 желтоқсанда аяқталады.

4. Кредитті беру, өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі қосымша шарттар кредиттік шартта белгіленеді.